# Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 1341 Қаулысы

Ескерту. Мәтін бойынша "протездік-ортопедиялық бұйымдармен" деген сөздер "протездік-ортопедиялық" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2005.10.03. N 994 қаулысымен.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес заңды тұлғалар мүгедек адамдарды оларды сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар протездік-ортопедиялық және есту протездеу көмегімен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді 2006 жылға арналған берушілер болып белгіленсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.25. N 703 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Жергілікті атқарушы органдар заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы қаулыға қосымшада көрсетілген кәсіпорындармен мүгедектерді протездік-ортопедиялық және есту-протездеу көмегімен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсету бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 3, 4-тармақтарын орындауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 1341 қаулысына қосымша

## Мүгедек адамдарды протездік-ортопедиялық және есту-протездеу көмегімен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді беруші заңды тұлғалардың тізбесі

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.25. N 703 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

| N | Қызметтерді берушінің атауы | Әкімшілік-аумақтық бірліктер |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Петропавл протездік-ортопедиялық орталығы" акционерлік қоғамы | Ақмола облысы<br>Солтүстік Қазақстан облысы<br>Қарағанды облысы<br>Қостанай облысы<br>Астана қаласы |
| 2. | Семей протездік-ортопедиялық орталығы" акционерлік қоғамы | Шығыс Қазақстан облысы |
| | "Шығыс Қазақстан облыстық протездік-ортопедиялық орталығы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны | |
| 3. | Семей протездік-ортопедиялық орталығы" акционерлік қоғамы | Павлодар облысы |
| 4. | Алматы протездік-ортопедиялық орталығы" акционерлік қоғамы | Ақтөбе облысы<br>Алматы облысы<br>Атырау облысы<br>Жамбыл облысы<br>Батыс Қазақстан облысы<br>Қызылорда облысы<br>Маңғыстау облысы<br>Оңтүстік Қазақстан облысы<br>Алматы қаласы |
| 5. | "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің республикалық есту қабілетін түзеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны | Ақмола облысы<br>Ақтөбе облысы<br>Алматы облысы<br>Атырау облысы<br>Шығыс Қазақстан облысы<br>Жамбыл облысы<br>Батыс Қазақстан облысы<br>Қарағанды облысы |

Қостанай облысы
Қызылорда облысы
Солтүстік Қазақстан облысы
Павлодар облысы
Маңғыстау облысы
Оңтүстік Қазақстан облысы
Астана қаласы
Алматы қаласы

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК